

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур Президенті Халима Якобты Сингапур Республикасының Ұлттық күнімен құттықтап, құттықтау жеделхатын жолдады. Президент екі ел арасындағы шынайы достық пен табысты саяси диалогке негізделген серіктестікке жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Тоқаев биыл мамыр айында өткен екіжақты келіссөздер барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Сингапур арасындағы стратегиялық байланыстарды дамыту үшін берік негіз болатынына сенім білдірді.

ЖАН мен ТӘННІҢ ҮЙЛЕСІМІ



І. «Мені» мен «менікінің» айрылғаны».

Мағрифаттың басты ілхам аңсары – тән мен жанның үйлесімі, рухани мақсаты – жан тазалығына жету. Шындығында, жаратқанның жаратылысы тұрғысынан алғанда, олардың болмысы да, тумысы да, тіпті, ортақ міндеті де біреу. Ол, тән – жанға, сол арқылы жан иесіне, сана иесіне қызмет етеді. Қарабайырлау айтылғанымен де, ұғымға жеңіл түсінік – осы. Алайда, бұдан кейін таратыла келе, «Мені» мен «менікінің» мағынасы екі деп жіктеліп, бөлініп кетеді. Міне, осы арада қандай да бір қағидатшыл сана болса да, сәл дағдарып қалады.

Бұл дағдарысты тудыратын, түйсікті толғаттыратын себеп иесі – Абайдың өзі:

«Күдай тәбәрәкә уә тағала кітаптарда сегіз субутия (орнықты, тұрақты, дәлелді, айғақты) сипаттарымен, уә (және) тоқсан тоғыз Әсмәи-хуснәлермен (көркем, бейнелі есімдерімен) білдірген. Бұлардың һәммасы (барлығы) Алла тағаланың затия (өзіне лайық, заттық), субутия (тұрақты) уә (және) фиғлия (пиғыл, ниет, көңіл) сипаттары-дүр» [1, 471], – деп анықтап тұрып ажыратып берген затия мен субутиялық және фиғыли қасиеттер.

(Жалғасы 5-бетте)




АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

10 тамыз – адамзаттың алыбы, ойшыл, философ, аудармашы, композитор, кемеңгер тұлға Абай күні. 2020 жылдың 5 тамызында Үкімет қаулысының негізінде осы күн «Абай күні» дейтін мерекелік дата болып бекітілген болатын. Биыл – қазақтың бас ақынының 178 жылдығы. Ұлы ақынның күніне орай Абай атымен байланысты барша деректі назарларыңызға ұсынамыз.

8 >>

ПРЕЗИДЕНТ ЕКІБАСТҰЗДЫҢ ХАЛ-ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Павлодар облысына барды.

Президент сапары Екібастұз қаласындағы жылу электр орталығын аралап көруден басталды. Қ.Тоқаев жылу электр орталығында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын тексерді.

Облыс әкімі Асайын Байхановтың баяндауынша, техникалық аудит нәтижесінде Екі-

бастұз ЖЭО акционерлерімен бірлесе қаланы жылумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары дайындалып, бекітілді. «ОАЭК» компаниясы жылу желілерінің әбден тозығы жеткен учаскелері бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы және ЖЭО-дағы жөндеу жұмыстарына қатысты техникалық шешімдерді әзірледі.

Жоспарға сәйкес «ОАЭК» АҚ-ның жеке қаржысы (8,2 млрд теңге) және Үкімет резерві

мен облыстық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен (8,5 млрд теңге) барлық 10 қазандық агрегаты (5 бу және 5 су жылыту) жөнделді.

Нысанның жай-күйімен танысқан Президент Үкімет пен облыс әкіміне Екібастұз ЖЭО-сының қызметін қалпына келтіру жұмыстарының сапасы мен мерзімін айрықша бақылауға алуды тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте)

Сіз не дейсіз?



Самат МҰСАБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

ЖОЛАУШЫ ҚҰҚЫҒЫН ТАЛАП ЕТКЕНІ ЖӨН

Ұшақ пен пойыз кешігуінен жұмысына жете алмай, тіпті жиындардан қалып қойған жолаушылар өте көп. Мұндай жағдайларда олар компаниялардан өтемақы талап ете ала ма? Ұшақ кешіксе, «кешіріммен» шектелгені дұрыс па? Дәл осындай жағдай Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаевтың да басынан өткен екен.

МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Жетісу облысындағы білім саласында білікті кадрлар тапшылығы біртіндеп шешіліп келеді. Алайда дәл қазіргі кезде өңірдегі жалпы білім беретін орындарда 157 педагог жетіспейді. Бірақ биылғы жағдай былтырғымен салыстырғанда біршама тәуірлеу. Өйткені жаңа оқу жылы қарсаңында өткен жылғы кадр тапшылығы бірден 20 бірлікке азайған.



4
БЕТ


ЖҰМЫСЫ ЗОРЫҚТЫРДЫ, ТӨЛЕМІ ТОРЫҚТЫРДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, биылғы шілдеде Электронды еңбек биржасында жұмыс берушілер 98 мың бос жұмыс орны туралы ақпаратты орналастырып, жақсы кадр іздеген. Маусым айымен салыстырғанда бос орындар саны 8,1 мыңға немесе 9%-ға артты. Жасыратыны жоқ, бүгінде елде білікті маман табу мұңға айналды. HR мамандары оларды тауып, тартудың бір құпиясымен бөлісті. Егер вакансия туралы хабарландыруда «Еңбекке жарамсыздық парағы төленеді» деп жазса, ол өз қадірін білетін майталман мамандарды қызықтырады екен.

Себебі бұл – компанияның әрбір команда мүшесін бағалайтынын білдіреді. Әйтпесе, қазіргі заманда еңбекақы төлеу қорының жүктемесі өсіп бара жатқандықтан, компаниялар өз персоналының үлкен бөлігін аустаффингке шығаруға

немесе олармен азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт бекітуге, болмаса жұмыстары мен қызметтерін, өндірісін аутсорсингке тапсыруға үйір болып барады.

4 >>



ТАСКЕШУ МЕН САРАЙШЫҚ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ

Қойнауы талай сырды бүгіп жатқан Атырауда тарихи мекендер өте көп. Соңғы жылдары аймақта тарихи мекендерді жаңғырту бағытында қозғау болып жатқаны қуантады.



7
БЕТ



